

Білімді жаңаландыру, бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында болу мақсатында атқарылып жатқан істер орасан зор.

Осыдан бірнеше жылдар бойы қазіргі тәуелсіздікті аңсаған ұлы бабаларымыздың көрегендігіне, ұлылығына бас иесің. Қара сөздің майталманы Міржақып атамыз да халқын жаңа да жарқын жол сілтеуді парызым деп түсінген. «Өз қамыңды ойлан өзің ел болсаң. Көктен теңдік келмес, өзің кем болсаң» деген өлең жолдарымен әр адам өзі талпынуы керек, талаптануы керектігін айтып кеткен.

## САПАЛЫ ӨМІР – БІЛІМ МЕН ОҚУДА

**Камзина Ж.А.**

*«Кеңарал орта мектебі» ММ*

*Менің педагогикалық ұраным: «Тіл-қаруы -сөз, сөз қаруы – ой, ақылды ой, алғыр сөз – адамның жоғарғы қасиеті»*

*Ғ.Мұстафин.*

Әдістемелік тақырыбым: «Жаңа технологиялар арқылы оқушылардың мемлекеттік тілде сөйлеу дағдысын қалыптастыру, сөздік қорын байыту».

Басты мақсатым: білім деңгейін көтеру мақсатымен мемлекеттік тілді дамытудың тиімді жолдарын іздестіру.

Қазақ тілін оқытудағы әдістемелік жүйем:

- жаңа технологиялар элементтерін қолдану;
- дидактикалық әдіс-тәсілдерді қолдану;
- электронды оқулықтарды, интерактивті тақтаны үнемі пайдалану;
- тереңдетіп оқыту;

Оқушының мемлекеттік тілде сөйлеуін дамыту жұмысына қойылатын талаптар:

- оқушылардың сөздік қорын байыту;
- сөйлемді дұрыс құрастыра білуі;
- байланыстырып сөйлеуге жаттықтыру;
- тән дыбыстарға ерекше мән беру, оларды дұрыс айта білу;
- сурет, оқулық бойынша ауызша, жазбаша жұмыс істеу;
- оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыту;
- оқығанын, естігенін анық, түсінікті жеткізе білуге жаттықтыру;
- Сабақтан тыс шаралар:

Жеке тұлғамен жұмыс: олимпиадаларға, оқылымдарға қатысу, шығармашылық жұмыстарды қолдау (тақпақ, әңгіме құрастырушылар).

Топпен жұмыс: конференция, әдеби көштер, үйірмелер, интеллектуалды сайыстар, дөңгелек үстел т.б.

Бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сай білім беру мәселесі республикада ғылыми-педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге, Отандық қол жеткен табыстарды саралай отырып, ұлттық ерекшеліктерді ескере, оқыту мен тәрбиелеуді жаңаша ұйымдастыруымен көкейкесті мәселе болып отыр. Жас ұрпаққа білім беруде, оларды болашақ еліміздің тұтқасы етіп тәрбиелеу – біздің басты міндетіміз. Осы міндеттерді өрістету мақсатында мемлекеттік тілді үздік үлгіге сәйкес деңгейіне көтеруге ұмтылу керек.

Елбасымыз халыққа жолдауында: «Білім беру реформасы – Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі. Бізге экономикалық және қоғамдық жаңару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі – болашақ ұрпақты жан-жақты жетілдіретін, бәсекеге төтеп беруге қабілетті, саналы адам тәрбиелейтін білім беру жүйесі қажет», – дегенді ерекше атап өтті. Бүгінде елімізде білім беру жүйесі де қоғам дамуымен байланысты дамып, жетіліп отырғаны анық. Қазақстан Республикасында 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасына сәйкес 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайында жас ұрпаққа білім беру ісінде оның жеке даралық ерекшеліктеріне мейлінше мән бере отырып, оқушылардың мектепте алған білімдері олардың бүкіл өмірлік азығы болатындай етіп білім беру, оны өмірге дайындау, мамандық таңдауға бағыттау мәселесі бүгінгі жаңа қоғамның білім саласындағы кезек күттірмейтін ауқымды мәселелер қатарында тұр.

Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың биылғы жылғы бүкіл қазақстандықтарға арналған жолдауында былай деп көрсетілген: «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға күш-жігер жұмсауымыз керек»

Бұл – мектеп оқытушыларына, әсіресе, орыс тілді мектептердегі қазақ тілінің мұғаліміне қойылған үлкен міндет, ауыр жүк. Сондықтан оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілін оқытуда қойылатын негізгі міндеттер мыналар:

1. Баланы қазақша сөйлету;
2. Баланы қазақша сауатты жазуға үйрету;

Басқа ұлт өкіліне қазақ тіліне деген сүйіспеншілік және қызығушылық сезімін туғызу, соны үйренуге ынталандыру керек. Ол үшін мұғалім қазақ тілі мен әдебиетін жетік білетін жоғары білімді, мәдениетті болуға тиіс.

Бала-біздің болашағымыз. Білімді ұрпақ – біздің ертеңіміз. Бүгінгі оқушы – ертеңгі маман. Біздің ұрпағымыз ертең ел тұтқасын ұстар азамат болатынын ойласақ, сол еліміздің ертеңі ана тілімен көркемдейтін, сауатты да саналы тұлға етіп қалыптастыруымызда біздердің, әсіресе, қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерінің еңбегі орасан зор болуы керек.

Қазіргі біздердің міндетіміз – қоғамның жаңа әлеуметтік құрылымынан, білімнің мазмұнынан туындайтын, уақыт ағымына сәйкес оқушының жеке қасиетін ескере отырып, мектебіміздің дамуының әрбір кезеңінде қазіргі сабақтың үлгісін құра білу, сабақты жетілдірудің негізгі жолдарын көрсетіп, оның нәтижесін жоғарлатудың тәсілдерін таба білу.

Бүгінгі сабақ – бұл психология-педагогика ғылымдарының жетістігіне тірек, сабақты құрудың және өткізудің диалектикалық ыңғайын таба білу, жаңарған техникамен, икемді технологиямен жабдықталған үздіксіз педагогикалық үрдіс. Қазіргі заман талабына сай оқыту, басқа ұлт өкілі балалармен қатар өзіміздің қаракөз бауырларымыздың балаларын өз ана тіліне үйретуіміз керек. Қазіргі жаңа ақпаратты коммуникативті технологияларды, жаңа техникалық құралдарды, әсіресе, интерактивті тақтаның барлық мүмкіндігін тілді үйретуге шоғырландырып, тиімді пайдалану – мұғалімнің құзырында. Қазақстан – көп ұлттың өкілдері тұратын мемлекет. Қазақ тілі – барлық халықты біріктіретін тіл.

Міне, қазіргі мұғалім ерінбей, ерен еңбек ету керек, сабақтың жүйелі, сапалы болуына көп көңіл бөлу керек.

Өзімнің әдістемелік тақырыбым: - «Жаңа технологиялар арқылы оқушылардың мемлекеттік тілде сөйлеу дағдысын қалыптастыру, сөздік қорын байыту». Осы тақырып бойынша мен озық тәжірибелерге сүйене отырып жұмыс істеймін, әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданамын. Мектепте оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерінен жинақталған тәжірибе ғана мұғалімді табысқа жеткізіп, жақсы маман болуға машықтандырады. Тек сабақта ғана мұғалім оқушылармен ұжымдық, топтық, жеке дара жұмыстар жүргізе отырып, оқушылардың білімінің мол, дүниетанымының кең, тәрбиелі азамат болып өсіп шығуына мүмкіндік жасайды. Сабақ – өзіне тән ішкі байланысы мен құрылымы бар жүйе. Қазіргі заманның сабағы мұғалімнен шығармашылықты, шеберлікті талап етеді. Егер сабақтың білімділік мақсаты мен тәрбиелік мақсаты біртұтас сабақтасып келсе, мұғалім өз алдына қойған мақсатын іске асырады.

Қазақ тілі сабағында жүргізілетін жұмыстың бір түрі – оқушыларды қазақша сөйлеуге үйрету, сұраққа жауап бергізу, өздерін бір-бірімен сөйлестіріп, оқығандарын ауызша айтқызуға дағдыландыру. Сонымен қатар қазақ тілі пәнін оқыту арқылы балалардың зейіні, есте сақтау дағдысы, ойлау қасиеті дамытылады.

Біріншіден, оқушылармен жеке жұмыс жүргізген жөн. Оқушымен жеке жұмыс жүргізгенде, оның есте сақтау, ойлау қасиеттеріне көңіл бөлу мұғалімге көп мүмкіндік туғызады.

Екіншіден, мұғалім оқушыларға жаңа материалды көру, есту, есте сақтау, айту арқылы меңгергендіктерін ескертеді.

Үшіншіден, мұғалім жаңа тақырыпты өткенде оқушылардың жаңа сөздерді дұрыс айтуын, қатесіз жазуын үнемі қадағалап отырады.

Қазақша сөйлеуді дамыту үшін оқушының алдына мынадай талаптар қойылады:

1. Оқушының айтайын деген сөзі, сөйлемі мазмұнды болуға тиіс. Оқып шыққан мәтіннің мазмұнын айтқанда ойына келген сөз бен сөз тіркесін айта салмай, бір сөйлем айтса да, ойлап айтқаны жөн.

2. Оқушы сөйлемді дұрыс құрастыра білуі шарт. Оқушы сөйлемді дұрыс құрастырса, онда қазақ тілінің грамматикалық заңдылығын, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібін меңгергені анық байқалады.

3. Оқушы айтайын деген ойын дәл, анық жеткізуі шарт. Оқушының сөздік қоры бай болса, ол өз ойын анық айтуға қиналмайды. Ал мұғалім айтылған сөздің мағынасына көңіл аудару керек.

4. Оқушының сөзінде бөтен сөздердің болмауы немесе аз болуы мұғалімнің жүргізген жұмысымен тығыз байланысты.

5. Оқушы қазақ сөздерін, әрбір дыбысты, сөзді ашық айтуы, екпінді дұрыс түсіруі, меңгерлеп оқуы керек.

Мұғалім қазақ тілі сабағында, сабақтан тыс жұмыстарда да оқушыларға сол тілде өзі қана сөйлеп қоймай, оқушылармен сөйлесе білуі, олардың өздерін бір-бірімен сөйлестіре

білген дұрыс. Оқушыны мемлекеттік тілде сөйлеуін дамыту қазақ тілі сабақтарында үнемі жүргізіліп отырады. Бұл оқушылардың ойлау қабілетімен, сөздік қоры, байланыстырып сөйлей білу дағдыларымен тығыз бірлікте болады.

Қазіргі білім әлемінде көптеген оқыту технологиялары қолданысқа енгізіліп жатыр. Ол технологияларды қолдану әр мұғалімнің шығармашылығына, шеберлілігіне, білімділігіне байланысты.



Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында негізгі міндеттерінің бірі ретінде қазақстандық патриотизм, толеранттылық, жоғары мәдениет, адамның құқығы мен азаттығына құрмет сезімін тәрбиелеу мемлекеттік тілді дамытудың басымдығы аталған. Оқушылардың оқу әрекеттері мен олардың нәтижелерін оқып-зерттеу, өзімнің мүмкіндігімді ескере отырып, жас ұрпақты оқытуда Жанпейісованың модульдік технологиясын қолданудамын.

Модульдік технология бойынша сабақтың мәні, құрылымы мен ұйымдастыру бағытын қарастырмас бұрын, «модульдік технология» мен «оқу модулі» атты екі ұғымды түсіну керек.


Қазіргі таңда жаңа технологияларға сүйенген сабақтар мазмұны жағынан жақсы нәтижелер береді. Модульдік оқыту кезінде тек бір-бірімен байланысты мәселелер ғана кіреді. Модульді оқыту кезінде белгілі бір жүйе арқылы, яғни, белгілі құрамынан құрылады. Модульді құрастырған кезде оның мазмұнының байланыстылығы, логикасы, элементтерінің бір-бірімен өзара байланыстылығы және олардың бір-бірімен даралануы, ажыратылуы, ерекшелігі негізге алынады. Модульдік технология әдістері арқылы тіл үйренуге, қарым-қатынас жасауға, алған білімін өмірде пайдалануға, танып білуге, талпыныстың пайда болуына жетелейтін коммуникативтік ұстаным басшылыққа алынған.

Бұл технология алдына бес мақсат қояды:

1. Жеке тұлғаның негізгі қажеттіліктерін қанағаттандыру.
2. Жеке тұлғаның танымдық процестерін дамыту.
3. Жеке тұлғаның танымдық қабілеттерін дамыту. (ойлау арқылы жүзеге асады)
4. Жеке тұлғаның белсенді тіл қорын дамыту.
5. Жеке тұлғаның оқуға деген ішкі ынтасын дамыту.



Модульді оқыту технологиясының әдістемесі бойынша қазақ тілін меңгерту деңгейлері.



5-ші мақсат -ішкі ынта жоғары болады, егер бала өз күшіне сенсе. Бұл бағыт осыған негізделген.. Бұл бағыт үш бөлімнен тұрады (оқу модулі): 1) кіріспе бөлім (мақсат қою), сөйлеу бөлімі, 3) қорытынды бөлім.

Қазақ тілі сабақтарында модульдік технологияның әдістерінің элементтерін қолданғанда біршама жетістіктерге жетуге болады.

## **ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИННИҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ИДЕЯСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІМЕН ӨЗЕКТІЛІГІ**

***Капарова Ш.Ж.***

*№ 20 орта мектеп*

Ыбырай Алтынсарин-қазақ халқының тарихында еуропалық ғылым негізінде жарық сәулесін таратып, кәусар бұлақтың көзін ашқан, негізін салған, білім беру ісімен кәсіпті түрде айналысқан тарихи тұлғалардың бірі. XIX ғасырдың аяғында халықтың рухани дамып, басқалармен терезесі тең болуының негізгі факторы білім екендігіне көзі жетіп, оны іс жүзінде ұйымдастыруға белсене араласты.

Ыбырай Алтынсариннің ағартушылық қызметі XIX ғасырдың 60-80 жылдарындағы қазақ қоғамының рухани мұқтажына байланысты туып, әулеттік өмірге келді. Орыс халқымен бұл тұста нақты қарым-қатынас жасай бастаған қазақ халқы өмір сүрудің негізгі кілті өнер мен білімде деп түсініп, орыс халқының тілі мен біліміне ұмтыла түскен еді. Ағартушы Ыбырайдың ұлылығы сол-өзінің бүкіл өмірі мен күш жігерін осы ұлы іске арнады, В. Г. Белинскийдің сөзімен айтқанда, қоғамның тарихы арқылы әзірленіп, дайындалып келген мазмұнды өмірде қолдай жүзеге асыру ісіне арнады.

XIX ғасырдың 50-60-жылдарында өнер-білімге талпынушылық Россияның шет аймақтарында айқын көзге түсе бастаған құбылыс еді.

Халықтың, әрбір адамның жарқын болашағын өнер-біліммен тығыз байланыста қарастырған Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасында білім мен ізгіліктің негізін қалайтын ұстаз тұлғасы туралы өзінің өзектілігін жоғалтпайтын, қайта күн өткен сайын жарқырай түсетін идеялар мол еді.